





## **Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуін психологиялық сүйемелдеу**

Берілген жұмыста бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделу кезіндегі қиындықтарын диагностикалау, қажет болған жағдайда түзету жұмыстарын жүргізу, ата-аналар мен мұғалімдерді ақпараттандыру, дамыту жаттығулары жүргізіледі. Бірінші сынып оқушысының мектеп өміріне бейімделу кезеңінде әртүрлі қиындықтарды жеңу мақсатында оларға психологиялық қолдау көрсету өте маңызды.

**Мақсаты:** Сыныпта үйлесімділік орнату, танымдық процесті дамыту, диагностика нәтижесі бойынша төмен деңгейді көрсеткен оқушыларды бақылау, оларға мектепке деген оң көзқарас қалыптастыруды үйрету;

**Міндеттері:** Есте сақтау, зейін, ойлау процестерін дамыту, балада жағымды эмоцияны қалыптастыру, коммуникативті дағдыны орнату;

**Жүргізу әдістері:** Диагностикалау, бақылау, әңгімелесу, қысқа дәрістер, тренингтік жаттығулар, жеке және топтық кеңес беру, жаднамалар тарату;

### **Оқушылармен төмендегі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіледі:**

#### **• Диагностикалық**

**Мақсаты:** Оқушылардың мектеп өміріне бейімділік деңгейін анықтау, таным процестерін дамыту, зерттеу.

1. «Керн-Йерасек» тесті (*Баланың мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау*)
2. Танымдық процестерді анықтауға арналған диагностикалық әдістемелер жиынтығы.
3. Оқушыларды бақылау, сабақтарына қатысу.

#### **• Ағартушылық**

**Мақсаты:** Топпен практикалық жұмыс, ата-аналардың психологиялық білімдерін жоғарылату, ата-аналарға «Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға бейімделуі» тақырыбында жиналыс өткізу;

#### **• Түзету-дамытушылық**

**Мақсаты:** Айына бір рет /қазан-желтоқсан/ тренингтер ұйымдастыру, оқушылар бойындағы эмоционалды қысымды шығару, өз-өзіне сенімділік деңгейін арттыру;

#### **• Кеңес беру**

**Мақсаты:** Ата-аналарға кеңестер беру, жеке және топтық кеңестер беру сұраныс бойынша

### **Бірінші сынып оқушыларымен жүргізілетін түзету-дамытушылық жұмыстың жоспары**

<b>р/с</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Формасы</b>	<b>Мерзімі</b>
1	«Кішкентай көңілді балалар!»	Тренинг	Қазан
2	«Мейірімділік»	Тренинг	Қараша
3	«Тыныштық»	Тренинг	Желтоқсан
5	«Біз біргеміз!»	Тренинг	Желтоқсан

### Анықтамасы

2023-2024 оқу жылының Қыркүйек айының 25- күні педогогика – психологияға бағытталған психо – диагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Жұмыстың тақырыбы:** Мектепке дайындық диагностикасы «Керна - Йерасека» тесті.

**Жұмыстың мақсаты:** 1 – сынып оқушыларының мектепке, оқуға дайындық деңгейін анықтау.

Психо – диагностикалық жұмысқа қатысқан оқушы саны: 54 – оқушы

**Қатыспағаны:** жок

**Жүргізілген жұмыстың сипаттамасы:** . Тест үш тапсырмадан тұрады. Бұл тесттің тиімді жағы балалардың мектепке оқуға дайындығын анықтауға жалпы бағдар беретіндігінде.

1 – тапсырма: «Қандай да бір ер адамның суретін сала алғаныңша сал» деп түсіндіріледі.

Бұл әдістемені әр баламен жеке дара немесе топпен жүргізуге болады.

2 – тапсырма: Нүктелердің жанына дәл осындай етіп нүктелер салу.


3 – тапсырма: Берілген сөйлемді көшіріп жазу.

Бағалау деңгейі: Бұл әдістемеге 40 оқушы қатысты.

Оның ішінде: 23 оқушы жақсы деңгейде

28 оқушы орта деңгейде

3 оқушы төмен деңгейде қалыптасқандығын көрсетті



**Қорытынды:** Жалпы 1 «а,ә,б» сыныпқа берер ұсынысым мектепке даярлығының көрсеткіші «жақсы» деген дәрежеде. Үлгі бойынша тапсырмаларды орындай алатындығы және мұғалімнің түсіндіргені бойынша балалардың өз әрекеттерін ұйымдастыра алатындығы «жақсы» деңгейде екені анықталды.

Ұсыныстар:

1. Бірінші сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделу деңгейін зерттеуді жалғастыру;
2. Сабақтарына қатысып бақылау жасау;
3. Түзету – дамыту жұмыстарын жүргізу

Педогог – психолог:

*Т. Оразбекова*  
*З. Наурызбаева*  
*А. Джамалова*  
*М. Мәлік*  
*Э. Казакбаев*

Сынып жетекшілер: